

2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 27-3 Шешімі. Жамбыл облысы Талас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 қаңтарда 92 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2010 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 3 269 672 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 518 612 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 9 386 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 7 558 мың теңге;

трансферттер түсімі – 2 734 116 мың теңге;

2) шығындар – 3 301 932 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 9 253 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 10 726 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 1 473 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -41 513 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 41 513 мың

теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 10 726,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 183 мың теңге.

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 30 970 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - он сегізінші абзацпен толықтырылды - Талас аудандық мәслихатының 2010.01.29 № 28-4; 2010.03.30 № 29-6; 2010.04.15 № 30-2; 2010.05.21 № 31-2; 2010.07.30 № 34-2; 2010.11.17 № 37-3; 2010.12.15 № 38-2(2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2. 2010 жылы облыстық бюджеттен аудандық бюджетке берілетін субвенция мөлшері 1 662 999 мың теңге сомасында белгіленсін.

3. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте берілетін субвенция есебінен «2008-2010 жылдарға арналған облыстық және аудандық (қалалық) бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы» облыстық мәслихатының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы № 3-8 шешімімен бекітілген, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде көзделген әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруін ескере отырып бюджет саласындағы еңбекақы қорының өзгеруіне байланысты облыстық бюджетке берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 62 157 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Талас аудандық мәслихатының 2010.04.15 № 30-2; 2010.05.21 № 31-2 (2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

4. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабына сәйкес, 2010-2012 жылдары аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мекемелері мен ұйымдарының мамандарына қала жағдайында осы қызмет түрлерімен айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда айлықтары мен тарифтік ставкаларының 25 пайызы мөлшерінде үстеме ақы төлеу үшін қаржы к ө з д е л с і н .

5. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен мынадай ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін:
ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге — 38 000 мың теңге ;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға; 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде майдандағы армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызмет өткерген, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, оның ішінде запасқа (отставкаға) шыққандарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеуге — 9 363 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға

қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге – 328 мың теңге;

ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға – 14 286 мың теңге;

эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге – 89 060 мың теңге. мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге – 4 792 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 38 771 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларының бөлінуі Талас ауданы әкімдігінің Қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Талас аудандық мәслихатының 2010.03.30 № 29-6; 2010.04.15 № 30-2; 2010.11.17 № 37-3 (2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

6. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен:

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 1905,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер;

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 10726,0 мың теңге сомасында бюджеттік кредит беру көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Талас аудандық мәслихатының 2010.11.17 № 37-3 (2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

7. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 24 817 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға – 8 194 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға – 16 623 мың теңге.

8. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық қаржысы есебінен ауылдық (селолық) елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға 128 030 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері көзделсін.

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларының бөлінуі Талас ауданы әкімдігінің Қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Талас аудандық мәслихатының 2010.11.17 № 37-3 (2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

9. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен жұмыспен қамтудың және кадрларды қайта даярлаудың өңірлік стратегиясын іске асыруға – 98 900 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде: кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтерді әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға – 52 000 мың теңге; әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар тәжірибесі бағдарламаларын кеңейтуге – 46 900 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларының бөлінуі Талас ауданы әкімдігінің Қаулысы негізінде айқындалады.

10. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджет қаржысы есебінен өңірлерде жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға білім беру объектілерін күрделі жөндеуге – 63 136 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларының бөлінуі Талас ауданы әкімдігінің Қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Талас аудандық мәслихатының 2010.07.30 № 34-2 (2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

11. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджет қаржысы есебінен білім беру объектілерін салуға – 200 000 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер көзделгені ескерілсін.

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларының бөлінуі Талас ауданы әкімдігінің Қаулысы негізінде айқындалады.

12. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджет қаржысы есебінен өңірлерде жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға – 163 859 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер көзделгені ескерілсін.

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларының бөлінуі Талас ауданы әкімдігінің Қаулысы негізінде айқындалады.

13. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджет қаржысы есебінен 195 870 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай біржолғы материалдық көмек төлеуге – 2 634 мың теңге; мектепке дейінгі балалар мекемелерінің ашылуына – 43 236 мың теңге; мектепке дейінгі балалар мекемелерінің ғимараттарын сатып алуға – 20 000 мың теңге ;

коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыруға 80 000 мың
т е н г е .

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарына – 50 000 мың теңге, оның
ішінде Қаратау қаласында мемлекеттік тұрғын үй қорындағы 3-ші мөлтек аудандағы №
43 көпқабатты тұрғын үйді жөндеуге 14 200 мың теңге және № 50 көпқабатты үйді
ж ө н д е у г е 3 5 8 0 0 м ы ң т е ң г е .

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларының бөлінуі Талас ауданы
әкімдігінің Қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Талас аудандық мәслихатының 2010.03.30
№ 29-6; 2010.05.21 № 31-2; 2010.07.30 № 34-2; 2010.11.17 № 37-3 (2010 жылғы 01
қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

14. Аудандық жергілікті атқарушы органының резерві 3 421 мың теңге мөлшерінде
бекітілсін.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - Талас аудандық мәслихатының 2010.03.30
№ 29-6; 2010.05.21 № 31-2; 2010.11.17 № 37-3 (2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап
қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

15. 2010 жылға арналған жергілікті бюджетті атқару процессінде секвестрлеуге
жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4–қосымшаға сәйкес бекітілсін.

16. 2010 жылға арналған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін
сатудан түсетін аудан бюджетіне түсімдер көлемі 5–қосымшаға сәйкес бекітілсін.

17. 2010 жылға арналған әрбір ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары 6–
қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с б е к і т і л с і н .

18. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне
енеді және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихаттың хатшысы

Д. Шыныбек

Ж. Әсемов

Т а л а с

а у д а н д ы қ

м ә с л и х а т ы н ы ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 5

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 27-3 Шешіміне 1-қосымша

Ескерту. 1-Қосымша жаңа редакцияда - Талас аудандық мәслихатының 2010.12.15
№ 38-2(2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2010 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1			2	3

		1. КІРІСТЕР	3 269 672
1		Салықтық түсімдер	518 612
	01	Табыс салығы	74 355
	2	Жеке табыс салығы	74 355
	03	Әлеуметтік салық	81 198
	1	Әлеуметтік салық	81 198
	04	Меншікке салынатын салықтар	276 471
	1	Мүлікке салынатын салықтар	246 246
	3	Жер салығы	11 209
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	17 700
	5	Бірыңғай жер салығы	1 316
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	81 765
	2	Акциздер	73 041
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5 994
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	2 635
	5	Ойын бизнесіне салық	95
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 823
	1	Мемлекеттік баж	4 823
2		Салықтық емес түсімдер	9 386
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	570
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	570
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	7 940
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	7 940
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	876
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	876
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	7 558
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	7 553
	1	Жерді сату	7 552
	2	Материалдық емес активтерді сату	1
4		Трансферттердің түсімдері	2 734 116
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 734 116
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 734 116
Функционалдық топ			

	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
		Атауы	
1		2	3
		2. ШЫҒЫНДАР	3 301 932
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	176 499
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	12 882
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12 782
	004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	100
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	57 258
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	57 258
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	81 880
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	81 880
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	14 292
	001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 360
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	3 901
	011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	31
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	10 187
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 187
02		Қорғаныс	630
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	630
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	630
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1 579
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 579
	021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1 579
04		Білім беру	1 993 938
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	275 627
	003	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	275 627
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	2 748

		005	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	2 748
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1 408 235
		004	Жалпы білім беру	1 349 615
		005	Балалар мен жеткіншектерге қосымша білім беру	58 620
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	14 466
		007	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	14 466
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	202 386
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	202 386
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	90 476
		009	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	22 790
		016	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	67 686
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	282 116
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	5 788
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	5 788
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	257 494
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	63 414
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	83
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	17 370
		006	Тұрғын үй көмегі	71 822
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	3 323
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	2 505
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	81 002
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдарымен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	2 316
		019	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін	328

		адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету	
	020	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу	15 331
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	18 834
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 062
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	772
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	461 832
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	82
	007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	82
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	57 350
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақтаулуын ұйымдастыру	50 225
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	7 125
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	8 040
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	8 040
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	82 038
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	82 038
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	292 569
	006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	128 710
	014	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту	163 859
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	21 753
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	7 685
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	7 500

		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	266
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	6 302
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	110 508
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	49 831
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	49 831
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	3 932
		013	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	2 032
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	647
		015	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1 253
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	26 244
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	26 244
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	12 057
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	12 057
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	4 309
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 309
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	14 135
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 009
		003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	7 126
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	162 008
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	1 905
		099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	1 905
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	13 855
		001	Жергілікте деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 044
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	2 406
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	410
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	495
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	4 500

	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	5 188
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 188
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	52 000
		008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	52 000
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	89 060
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	89 060
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	9 003
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	9 003
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9 003
12			Көлік және коммуникация	8 400
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8 400
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	8 400
13			Басқалар	33 250
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	3 421
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	3 421
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	12 660
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 660
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 641
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 641
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	12 528
		001	Білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету	12 528
15			Трансферттер	62 169
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	62 169
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	12
		020	Бюджет саласындағы еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	62 157

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
	Ішкі сыныбы			
		Атауы		
1		2	3	
		1. КІРІСТЕР	3219702	
1		Салықтық түсімдер	492085	
	01	Табыс салығы	68138	
		2 Жеке табыс салығы	68138	
	03	Әлеуметтік салық	87229	
		1 Әлеуметтік салық	87229	
	04	Меншікке салынатын салықтар	268639	
		1 Мүлікке салынатын салықтар	241844	
		3 Жер салығы	10109	
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	15450	
		5 Бірыңғай жер салығы	1236	
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	64063	
		2 Акциздер	56651	
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	4326	
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3081	
		5 Ойын бизнесіне салық	5	
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4016	
		1 Мемлекеттік баж	4016	
2		Салықтық емес түсімдер	11412	
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1524	
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1524	
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8858	
		1 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8858	
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	1030	
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	1030	
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4140	
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10	
		1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10	

	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	4130
		1	Жерді сату	4120
		2	Материалдық емес активтерді сату	10
4			Трансферттердің түсімдері	2712065
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2712065
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2712065
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			Атауы	
